Әділет

# Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемелекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 1 наурыздағы N 100 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 28 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4593 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 203 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.05.19 № 203 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:** .Z110407 қараңыз

1. Қоса беріліп отырған Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесі бекітілсін.

2. Ғылым комитеті (Т.С.Рамазанов) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі А.Қ.Әбдімомыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2007 жылғы 2 наурыздағы
N 100 бұйрығымен бекітілді

## Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және

**докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу**
**ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесі "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағыЗаңына , "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері", "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта құру туралы" және»"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111, 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 929 және 2006 жылғы 21 шілдедегі N 700 қаулыларына сәйкес әзірленді және бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың мемлекеттік тіркелуін ұйымдастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Бұл Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

негізгі ұйым - бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларының толық көлемін орындайтын және орындалуына жауапты ғылыми ұйым;

қоса орындаушы ұйым - бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламалары көлемінің белгіленген бөлігін орындайтын және орындалуына жауапты ғылыми ұйым.

3. Ғылыми - зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы) жүзеге асырылады.

4. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына олардың іске асырылу барысы туралы мемлекеттік басқару органдарына ақпараттар ұсынумен қоса іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу жүктеледі.

5. Осы Ережеде қарастырылған барлық құжаттар ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына түп нұсқада ұсынылады.

Осы Ережеде қарастырылған құжаттарды дайындауға және жіберуге байланысты шығындарды негізгі ұйым және қоса орындаушы ұйымдар атқарады.

6. Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу негізінде ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялар туралы ақпараттық құжаттардың мемлекеттік қорын қалыптастырады және белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардың ақпараттық құжаттарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

## 2. Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын және аяқталған тақырыптарды мемлекеттік тіркеу

7. Негізгі ұйым ғылыми-зерттеу жұмыстарын және аяқталған тақырыптарды мемлекеттік тіркеу үшін ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын және аяқталған тақырыптарды қаржыландыру басталған сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей Тіркеу картасын (Тіркеу картасының нысаны және оны толтыру тәртібі осы Ережеге 1-қосымшада бекітілген) жібереді.

8. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірнеше ұйым бірігіп (кешенді жұмыстар) орындаған жағдайда әрбір ұйым ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына өзінің орындаған жұмыс бөлігі бойынша Тіркеу картасын жібереді.

9. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы Тіркеу картасы бойынша жұмысқа мемлекеттік тіркеу нөмірін береді және 20 күнтізбелік күннің ішінде Тіркеу картасының бір данасын негізгі ұйымға және қоса орындаушы ұйымдарға жібереді.

10. Негізгі ұйым және қоса орындаушы ұйымдар тіркелген жұмысқа өзгерістер енгізілгендігі туралы 30 күнтізбелік күннің ішінде:

жұмыс тоқтатылғанда немесе оның аяқталу мерзімі өзгертілген жағдайда жазбаша хабарлама;

бұрынғы мемлекеттік нөмірі ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен біруақытта жойылуымен қатар жұмыстың атауы өзгерген жағдайда қайта ресімделген Тіркеу картасын жіберуі керек.

11. Егер де тіркелген жұмысты орындау процесінде оны құпия түрде жүргізу қажеттілігі туындаса, онда негізгі ұйым және қоса орындаушы ұйымдар ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына бұл туралы бекітілген тәртіппен хабарлауы тиіс.

12. Жұмыс бюджеттік қаражат есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат көздерінен қаржыландырылған жағдайда да тіркелген жұмыс туралы қорытынды есепті ұсыну міндетті болып табылады. Егер жұмыстың дайындалуы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің жоспарымен көзделген болса, оның кезеңі бойынша да есепті ұсыну міндетті болып табылады.

13. Есептік құжаттарды негізгі ұйым және қоса орындаушы ұйымдар да ұсынады.

14. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы есептік құжаттарды алғаннан кейін оларға инвентарлық нөмір тағайындайды және 20 күнтізбелік мерзімде негізгі ұйымға және қоса орындаушы ұйымдарға ақпараттық картаның бір данасын жібереді.

15. Сканер арқылы көшіріліп алынған ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер негізгі ұйымға және қоса орындаушы ұйымдарға (олардың талаптары бойынша) қайтарылады. Есептерді қайта жіберудегі шығындарды ұйымдар өз есебінен атқарады.

16. ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы ғылыми-зерттеу жұмыстары және аяқталған тақырыптары туралы ақпараттық материалдардың мемлекеттік қорына енгізілген ақпараттық құжаттар көшірмелерін, сондай-ақ тіркелген жұмыстар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына негізгі ұйым және қоса орындаушы ұйымдардың ақпараттық карталарында көрсетілген шарттарға сәйкес ұсынады.

## 3. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларының құжаттарын ресімдеу және ұсыну

17. Мемлекеттік тіркеуге және жүргізуге іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламалары мынадай тәртіппен ресімделіп ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына ұсынылады.

18. Негізгі ұйым іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларын, олардың бюджеттік қаражатының көлемі бекітілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына кеңейтілген бағдарламаның көрсеткіштерін (бұдан әрі - жоспарлық көрсеткіштер) жылдарға бөліп (Ф1-сәйкестендірілген нысаны (Кеңейтілген бағдарламаның көрсеткіштері) және оны толтыру тәртібі осы Ереженің 2-

қосымшасында бекітілген), титулдық бет (осы Ереженің 3-қосымшасы) және түсіндірме жазба; ағымдағы жылғы тапсырмаларын, кезеңдерін орындауға бөлінген бюджеттік қаражат мөлшерін растайтын құжатты ұсынады.

19. Титул парағында мынадай мәліметтер келтіріледі: бағдарламаны орындаушы негізгі ұйымның ведомстволық бағыныстылығы; мақұлданған және бекітілген белгілері; бағдарламаның әмбебап ондық жіктелімі (ӘОЖ) және ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық топтамасы (ҒТАМАТ); бағдарламаның атауы, іске асырылу мерзімі, негізгі ұйымның атауы мен орналасқан жері, құжаттың дайындалған жылы.

20. Ф1-сәйкестендірілген нысанының түсіндірме жазбасы мынадай мәліметтерден тұрады: бағдарламаның мақсаты; бағдарламаның міндеттері; негізгі тапсырмалар; күтілетін нәтижелер.

21. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы қалыптастырылған бағдарламаға тиісті шифр тағайындайды және оны Іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді.

Бағдарламаның тіркелгенін растау үшін Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы негізгі ұйымға Іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларының мемлекеттік тізіліміне енгізілгендігі туралы куәлікті тапсырады.

22. Ф1-сәйкестендірілген нысаны бағдарламаның барлық іске асырылу кезеңі мен кезекті орындалу жылына жоспарлы көрсеткіштерді ұсынуда біртұтас болады.

Ф1-сәйкестендірілген нысаны екі қосымшамен бірге бағдарламаны орындаушы барлық ұйымдардың деректемелері мен бағдарламаны орындауға қатысушы қызметкерлер санымен Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына ұсынылады.

23. Бағдарламаға түзету енгізу қажет болған жағдайда, кезекті жылдың жоспарлық көрсеткіштерімен қатар Ф1-түзету нысаны (Ф1-түзету нысаны және оны толтыру тәртібі осы Ереженің 4-қосымшасында бекітілген) бойынша Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына бұрын Ф1-сәйкестендірілген нысанында көрсеткіштер өзгертуді қажет ететін көрсетілген тапсырмалар туралы мәліметтер; шығарылып тасталған тапсырмалар (кезеңдер); бағдарламаға жаңадан енгізілген тапсырмалар (кезеңдер) ұсынылады.

Ф1-түзету нысаны Ф1-сәйкестендірілген нысанына ұқсас. Ф1-түзету нысанына бағдарлама тапсырмаларына, нысандарына өзгерту немесе бағдарламадан шығарылып тасталған тапсырмалар, жұмыс кезеңдері туралы мәліметтер енгізгенде олардың шифрлары бағдарламада алғашқыда көрсетілген осы тапсырмалардың шифрларына міндетті түрде сәйкес келуі керек.

Ф1-сәйкестендірілген нысанында түзетілген нұсқасы көрсетіледі.

24. Бағдарламаны іске асыруға жауапты негізгі ұйым бір жылда тапсырмаларды, кезеңдерді орындау және оларды мерзімінен бұрын аяқтау нәтижелері бойынша есептік жылдан кейін 25 қаңтардан кешіктірмей 3-ғт ( бағдарлама), (бұдан әрі - нысан - 3-ғт) (нысан - 3-ғт және оны толтыру тәртібі осы Ереженің 5-қосымшасында бекітілген) нысаны бойынша»Ведомстволық статистикалық есептілік» жылдық есепті Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына ұсынады.

Бағдарламаны қоса орындаушы ұйымдар ведомстволық бағыныстылығына қарамастан 3-ғт нысанының (бағдарлама) барлық көрсеткіштері бойынша аталған тапсырма, кезең бойынша жұмыстың орындалған бөлігі туралы тиісті негізгі ұйымға мәліметтер ұсынады.

3-ғт (бағдарлама) бойынша жоспарға сәйкес есепті кезеңде немесе мерзімінен бұрын аяқталатын тапсырма, кезең бойынша жұмыстың мәліметтері ұсынылады.

25. 3-ғт нысанына тапсырмалардың, кезеңдердің есептік кезеңде орындалу барысы туралы қысқаша түсіндірме жазба, сондай-ақ 4-бөлімнен тұратын: бағдарлама бойынша құқықтық қорғалу және жұмыс нәтижелерінің енгізілуі туралы мәліметтер; бағдарламаға бөлінген бюджеттік қаражат есебінен алынған технологиялар туралы мәліметтер; бағдарлама бойынша жұмыс тапсырмаларын, кезеңдерін орындаушы ұйымның кадрмен қамтамасыз етілуі туралы анықтама; бағдарлама бойынша дайындалған құжаттар мен жарияланымдар саны туралы мәліметтер қоса беріледі.

26. Негізгі ұйым тапсырмалардың, жұмыс кезеңдерінің бағдарламаны қоса орындаушы ұйымдармен орындалу барысы туралы тоқсандық есепті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей, Ф4-сәйкестендірілген нысаны (Ф4-сәйкестендірілген нысаны және оны толтыру тәртібі осы Ереженің 6-қосымшасында бекітілген) бойынша Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына ұсынады.

Есеп қоса орындаушы ұйымдар ұсынған есептік деректерді қосып негізгі ұйыммен құрастырылады.

27. Бағдарламалардың әкімшілері - министрліктер, агенттіктер Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына конкурстық іріктеуден өткен ғылыми-зерттеу жобалардың негізінде қалыптастырылған іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларының тізімдерін бағдарлама бекітілгеннен кейін жеті күнтізбелік күннің ішінде, сондай-ақ, жыл сайын 1 наурызға дейін нақты бағдарламаны орындауға ағымдағы жылға бөлінген бюджеттік қаржыландыру көлемі туралы мәліметтерді береді.

## 4. Қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу

28. Диссертациялық кеңес кандидаттық және докторлық диссертация қорғалғаннан кейін жеті күнтізбелік күннің ішінде Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына мемлекеттік тіркеуге мынадай құжаттарды:

жұмыс істейтін диссертациялық кеңестің төрағасы немесе ғылыми хатшысы қол қойған ұйымның бланкісіндегі ілеспе хатты;

Диссертацияның есептік карточкасының (Диссертацияның есептік карточкасының нысаны және оны толтыру тәртібі осы Ереженің 7-қосымшасында бекітілген) екі данасын мемлекеттік және орыс тілдерінде. Осы Ереженің 8 қосымшасына сәйкес Диссертацияның есептік карточкасында ғылым салаларының, ғылыми атақтар мен дәрежелердің қысқартулары берілген;

ізденушінің қолы қойылған авторефераттың бір данасын;

мемлекеттік аттестаттау органдары бекіткен Диссертацияны және авторефератты ресімдеу жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ресімделген диссертацияның түптелмеген түріндегі қағаз және электрондық тасымалдағыштағы бір данасын жібереді.

29. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы жоғарыда аталған құжаттарды алғаннан кейін кандидаттық және докторлық диссертацияға мемлекеттік тіркеу нөмірін тағайындайды және жеті күнтізбелік күн ішінде диссертациялық кеңеске диссертацияның мемлекеттік тіркелгендігі жөнінде хабарлама жібереді.

Диссертациялық кеңестің Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына ұсынған құжаттары кері қайтарылуға жатпайды.

Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын,аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын,қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесіне 1-қосымша

Тіркеу картасының нысаны және оны толтыру тәртібі

**5013 ТІРКЕУ КАРТАСЫ**

01 5256 Құпиялық белгісі Қайда: 050096, Алматы

ҚБП - қызмет бабында Бөгенбай батыр

пайдалану үшін көшесі, 221
Қ - құпия ҚР ҰҒТА орталығы
ӨҚ - өте құпия т.54-73-99
5418 Шығыс N күні 5436 Мемлекеттік тіркелу нөмірі

_________________ _________________ _________________

_________________ _________________ _________________

_________________ Жұмысты орындау мерзімі

5517 Өзгертілген мемлекеттік 7353 Бсталуы 7362 Аяқталуы тіркелу нөмірі

_________________ _________________ _________________

_________________ _________________ _________________

| 7146 Жұмысты жүргізу үшін негіздеме 07 Мемлекеттік бағдарлама 08 Республикалық ғылыми-техникалық бағдарлама (РҒТБ) 09 Салалық (секторальды) бағдарлама 10 Іргелі зерттеулер бағдарламасы (ІЗБ) 11 Қолданбалы зерттеулер бағдарламасы 12 Инновациялық жоба 13 Іздену (тәуекелдік) жоба (ғылым қоры) 25 Мемлекетаралық бағдарлама | 7137 Күнтізбелік жылдар бойынша қаражат көздері және көлемі (мың теңге) | Барлығы | 1-жыл | 2-жыл | 3-жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| | 13 Мемлекеттік бюджеттің қаражаты | | | | |
| | 22 Тапсырыс берушінің қаражаты | | | | |
| | 04 Меншікті қаражат | | | | |
| | 14 Отандық гранттар | | | | |
| | 21 Ғылым қоры | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 61 Өңірлік бағ. дарлама<br>34 Министрліктің тапсырмасы<br>52 Ұйыммен шарт жасау<br><br>43 Ынталы | 15 Халық. аралық грант. тар, қорлар | | | | |
| | 31 Басқа. лар | | | | |
| | 7191 Жұмыс түрі<br>39 Іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы<br>48 Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы<br>57 Тәжірибелі-конструкторлық, жобалау-конструкторлық<br>66 Жобалау-технологиялық | | | | |

7020 Бағдарламаның шифры ___________________________________

___________________________________

**Негізгі ұйым туралы мәліметтер**

2457 КҰЖЖ коды 2934 Телефоны 2394 Факсы 3033 Электрондық 2754 мекен-жайы Қала

________________________________________________________________

|____________|_____________|________|_______________|________|

1332 Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

_______________________________________________________

|_____________________________________________________|

2151 Ұйымның толық атауы

________________________________________________________________

|______________________________________________________________|

2358 Ұйымның қысқартылған атауы |_________________________________|

2655 Ұйымның мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

________________________________________________________________

|______________________________________________________________|

2142 Қоса орындаушы ұйым

________________________________________________________________

|______________________________________________________________|

9126 Тапсырыс беруші

________________________________________________________________

|______________________________________________________________|

7021 Шеңберінде жұмыс орындалатын бағдарлама тапсырмасының шифры _________________

9027 Жұмыстың атауы

________________________________________________________________

|______________________________________________________________|

9153 Күтілетін нәтижелер

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | 5436 |
| | Тегі, аты, әкесінің аты | Ғылыми дәре-жесі, ғылыми атағы | Қолы | Мөр орны |
| Ұйым жетекшісі | 6111 | 6210 | | |
| Жұмыс жетекшісі | 6120 | 6228 | | |

5634 ӘОК индексі 5274 Геолқор шифры 7434 Күні

____________________ _____________________ ___________

___________________ ____________________ ___________

5616 Тақырыптық айдарлар коды

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

5643 Түйінді сөздер

___________________________________________________________________

|___________________________________________________________________|

|___________________________________________________________________|

|___________________________________________________________________|

|___________________________________________________________________|

|___________________________________________________________________|

**Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарды және аяқталған тақырыптарды Тіркеу картасын толтыру тәртібі**

Тіркеу картасы ғылыми-зерттеу жұмыстар және тақырыптар туралы машинаға бейімделген ақпараттық құжат болып табылады.

Тіркеу картасы қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

Тіркеу картасы компьютерлік құралдардың көмегімен бланкі үлгісінің өлшемдерін және ондағы жолдардың орналасуын міндетті түрде сақтай отырып, А4 форматты қатты ақ қағаздың екі жағында дайындалады.

Тіркеу картасы арнайы блоктарға бөлінген. Әрбір блокта деректемелік аймақтар қалдырылған, онда деректеменің коды, сондай-ақ деректемені айқындайтын жазулар көрсету үшін жолдар орналасқан. Деректеме көрсетілетін жолдың коды (бұдан әрі - жолдың коды) қара түспен қоршалады, мәтін деректеме жолына басылады. Шрифт анық, қарама-қарсы, мөлшері 12-ден кем болмауы тиіс. Мәтін бір жоларалық интервалмен басылады.

Барлық жолдары (арнайы белгіленген жолдарды есептемегенде) міндетті

түрде толтырылады.

Тіркеу картасын толтыру кезінде мынадай деректер көрсетіледі:

5256 - Құпия грифы - құпиялықтың дәрежесі көрсетіледі: ҚБП (қызмет бабында пайдалану үшін), Қ (құпия), ӨҚ (өте құпия).

5418 - Шығыс N, күні - ұйымда берілген хаттың шығыс нөмірі, ал оның астына жіберілген күні көрсетіледі.

5436 - Мемлекеттік тіркеу нөмірі - Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен толтырылады.

5517 - Мемлекеттік тіркеудің өзгертілген нөмірі - жұмыстың тақырыбы өзгертілген және қайтадан ресімделетін Тіркеу картасын жіберген жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда жұмысқа жаңа мемлекеттік тіркеу нөмірі тағайындалады, бұрынғысы жойылады.

Жұмыстың орындалу мерзімі.

7353 - Басталуы - жұмыс басталатын жылдың екі соңғы саны және айы көрсетіледі. Мысалы: 04.01 - 2004 жылғы қаңтар.

7362 - Аяқталуы - жұмыс аяқталатын жылдың екі соңғы саны және айы көрсетіледі. Мысалы: 05.09 - 2005 жылдың қыркүйегі.

7146 - Жұмысты жүргізуге негіз болған себептер - жұмысты жүргізуге негіз болып аталған себептердің бірінің коды қоршалады.

7137 - Күнтізбелік жылдар бойынша қаржыландырудың көздері мен көлемі - тиісті код (немесе ғылыми-зерттеу бірнеше қорлардан қаржыландырылатын болса - кодтар) қоршалады және міндетті түрде жыл сайынғы бөлінетін қаржыландырудың көлемі мың теңгемен көрсетіледі.

7191 - Жұмыстың түрі - Тіркеу картасында аталған жұмыс түрлеріне сәйкес келетін код қоршалады.

7020 - Ғылыми-зерттеу бағдарламасының шифры - бұл жол бағдарламалар бойынша жүргізілетін жұмыс тіркелген жағдайда толтырылады. Бағдарламаның шифры ғана көрсетіледі, оның тапсырмалары мен кезеңдері нақтыланбайды.

Негізгі ұйым туралы мәліметтер 2457, 2934, 2394, 3033, 2754, 1332, 2151, 2358, 2655 - ұйымның кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуіші бойынша коды, телефоны, факсы, электрондық мекен-жайы, қала, бағыныстылығы бойынша министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы, ұйымның толық және қысқартылған атауы, сондай-ақ оның мекен-жайы көрсетіледі.

1332 - негізгі ұйым қарайтын мемлекеттік басқару органның атауы, немесе ( бар болса) негізгі ұйым кіретін бірлестіктің (концерннің, консорциумның, қауымдастықтың) атауы көрсетіледі.

2142 - Қоса орындаушы ұйымдар - ғылыми-зерттеу жұмыстарды, аяқталған тақырыптарды орындаушы негізгі ұйым тіркелген жұмысты қоса орындаушы ұйымдардың толық атауы және осы ұйымдар орналасқан қаланы (жақшаның

ішінде) көрсетеді.

9126 - Тапсырыс беруші - жұмысқа тапсырыс берген органның (ұйымның) толық атауы көрсетіледі. Бұл жол ғылыми-зерттеу жұмыстары мемлекеттік бюджет қаражаты немесе оны тарту есебінен қаржыландырылатын болса ғана толтырылады.

7021- Жұмыс оның шегінде орындалатын бағдарлама тапсырмасының шифры.

9027 - Жұмыстың атауы - жұмыс жоспарының, бағдарламаның, шарттың, техникалық тапсырманың тақырыптарын құрастыруға байланысты тіркелген жұмыстың атауы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда жолдың үстіне негізгі ұйыммен осы жұмысқа берілген шифр көрсетіледі.

9153 - Күтілетін нәтижелер - көрсетілген жолдар шегінде еркін түрде тіркелетін нақты жұмыстың жоспарланған сипаттамасы мен зерттеу нысандарының көлемі немесе зерттеулер сипатталады.

5436 - Жол Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен толтырылады.

6111, 6210, 6120, 6228 - ұйымның басшысы, жұмыстың жетекшісі. Ұйымның басшысы, жұмыстың жетекшісі туралы мәліметтер - тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы көрсетіледі.

Ұйым басшысының қолы ұйымның мөрімен бекітіледі.

5634 - Әмбебап ондық классификациялық индексі - әмбебап ондық классификациялық кесте бойынша жұмыстың индексі (қоғамдық ғылым салалары бойынша орындалған жұмыстардан басқаларына) қойылады.

5274 - Геолқордың шифры - Қазгеолқорда немесе аумақтық геологиялық қорда жер қойнауының геологиялық зерттелуі және пайдалануы бойынша берілген ғылыми-зерттеу жұмыстардың мемлекеттік тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7434 - Күні - Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен толтырылады.

5616 - Тақырыптық айдарлар коды - Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен толтырылады.

5643 - Түйінді сөздер - Үлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен толтырылады.

Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын,қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесіне 2-қосымша

Ф1 - сәйкестендірілген нысаны

және оны толтыру тәртібі

**КЕҢЕЙТІЛГЕН БАҒДАРЛАМАНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

_________________ жылға (жылдарға) арналған

Бағдарламаның шифры _______________________________________

Бағдарламаның атауы _______________________________________

_______________________________________________________________

Бағдарламаны орындауға негіз болған себептер_________________

_______________________________________________________________

Бағдарламаны орындау мерзімі ____________________________

Қаржыландырудың көлемі __________ жылға __________________млн.теңге

| Атауы (толық және аббревиатурасы) | КҰЖЖ-ы бойынша коды | Мекен - жайы | Телефоны | Факсы, электрондық мекен - жайы | Бірінші басшының тегі, аты,әкесінің аты | Банктік реквизиттері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | |

| Тапсырманың, кезеңнің шифры | Тапсырманың, кезеңнің атауы | ҒТАМАТ бойынша шифры | Тапсырмаманы, жұмыс кезеңдерін орындаушы ұйымның аббревиатурасы | Тапсырма, кезең жетекшісінің тегі,аты, әкесінің аты,ғылыми дәрежесі, қызметі | Жұмыс орындалуының жоспарланған мерзімі (тоқсан, жыл) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Түйінді сөздер | | | басталуы | аяқталуы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Жоспарланған мерзімге қажетті қаржы мөлшері (мың теңге) | | | | | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | Оның ішінде | | | | |
| | ғылыми-зерттеу жұмыстарына | тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына | тәжірибелік-өндірістік және өнеркәсіптік сынақтарына | құрал-жабтық, технологиялар, есептеу техникасы құралдарын алу | |
| | | | | | |

| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

______________________________________________

Құжатты орындаушының тегі, аты, әкесінің аты

Бағдарламаның жетекшісі _______________ _______________________

М.О Қолы тегі, аты, әкесінің аты

200_ жылғы "___"» _____________________

**Бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны**

Бағдарламаның шифры ___________ Бағдарламаның атауы ____________

_________________________________________________________________

| Ұйымның аббревиан-турасы | Барлығы, ұйым бой-ынша | Оның ішінде | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жоғары білімі барлар | оның ішінде ғылыми дәрежелері барлар | |
| | | | ғылым докторы | ғылым кандидаты |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Бағдарламаның жетекшісі _________________ _____________________

Қолы тегі, аты, әкесінің аты

______________________________________________

Құжатты орындаушының тегі, аты, әкесінің аты

200_ жылғы "___"» _____________________

**Бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың реквизиттері**

Бағдарламаның шифры _______________ Бағдарламаның атауы ___________

_________________________________________________________________

| Ұйымның аббревиан-турасы | Ұйымның толық атауы | Кәсіп-орындар мен ұйымдар-дың жалпы жіктеуші (КҰЖЖ) бойынша коды | Ұйымның мекен - жайы | Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты, қызме-ті, телефо-ны, факсы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Бағдарламаның жетекшісі _________________ _____________________

Қолы тегі, аты, әкесінің аты

М.О.

______________________________________________
Құжатты орындаушының тегі, аты, әкесінің аты және телефон нөмірі
200_ жылғы ______________________

**Ф1 - сәйкестендірілген нысанын**
**(Кеңейтілген бағдарламаның көрсеткіштері)**
**толтыру тәртібі**

Нысанның бірінші беті мекен-жайы берілетін бөлігінде осы бағдарламаға қатысты жалпы мәліметтер көрсетіледі:
бағдарламаның шифры;
бағдарламаның толық атауы;
бағдарламаны орындау үшін негіздеме (тиісті актілердің тармақтарын, баптарын көрсету керек);
бағдарламаның орындалу мерзімдері;
бюджеттік қаражат есебінен бағдарламаны қаржыландыру көлемі кезекті орындалу жылына миллион теңге мөлшерінде жүздікке дейінгі дәлдікпен;
негізгі ұйымның деректемелері көрсетілген толық атауы: кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуішінің (КҰЖЖ) коды; мекен-жайы; телефоны, факсы, электрондық мекен-жайы; ұйымның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты; толық банктік деректемелері беріледі.

Кестенің мазмұндық бөлігі 2-ші беттен бастап тапсырмалардың, кезеңдердің көрсеткіштері көрсетіліп толтырылады.

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынған кезде бағдарламаны кеңейтілген бағдарлама көрсеткіштеріне (Ф1-сәйкестендірілген) іске асырылудың барлық кезеңінде орындалатын барлық тапсырмалар мен кезеңдер енгізіледі.

Әрбір тапсырмаға, кезеңге өзінің шифры, ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық топтамасының коды, түйінді сөздері, бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдар (бестен кем емес), ғылыми жетекшілері, орындаудың жоспарланған мерзімі, қаржыландыру көлемі (жалпы және жұмыс түрлері бойынша) және күтілетін нәтижелері сәйкес келеді.

1-бағанға орындаушылар тапсырмалар мен кезеңдерге шифрларды қояды.

2-бағанда шешілетін мәселенің мәнін айқын көрсететіндей анық тұжырымдалған тапсырма, кезең атауы көрсетіледі. Атауда сөздерді қысқартуға, олардың аббревиатураларын қолдануға жол берілмейді.

3-бағанда тапсырмада, кезеңде шешілетін мәселе қарайтын ғылым саласының ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық топтамасының коды, ал

төменірек түйін сөздерді тапсырмада, кезеңде қойылған міндеттердің негізгі мәні (8-ден аспайтын сөздер мен сөз тіркестері) көрсетіледі.

4-бағанда тапсырмаларды, кезеңдерді ұйымдардың аббревиатуралары көрсетіледі. Егер тапсырманы, кезеңді орындауға бірнеше ұйымдар қатысатын болса, онда тапсырманың кешенді орындалуын қамтамасыз ететін ұйымның аббревиатурасы бірінші көрсетіледі.

Бұдан басқа, жаңа әзірлемелерді өндіру мен өндіріске енгізу жөніндегі тапсырмалардағы осы бағанда әзірлемені орындаушы ұйымның аббревиатурасынан кейін әзірлемені енгізу үшін жоспарланған кәсіпорынның аббревиатурасы қойылады.

5-бағанда тапсырманың, жұмыс кезеңінің ғылыми жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі, лауазымы көрсетіледі.

6 және 7 - бағандарда жұмысты орындаудың жоспарланған басталу және аяқталу мерзімі (тоқсан, жыл) беріледі. Бір жылдан артық уақыт орындалатын тапсырмалар үшін бірінші жолға жалпы орындалу мерзімі және төменде екінші жолға тиісті бағандарда жоспарланған соманы көрсете отырып, кезекті қаржыландырылатын жылдың мерзімі көрсетіледі.

8-12-бағандарда қаржыландыруға деген қажеттілік жүздікке дейінгі дәлдікпен мың теңге мөлшерінде көрсетіледі, мысалы 125,45 мың теңге.

9-бағанда ғылыми-зерттеу жұмыстарына жаңа ғылыми білім алуға және оны іс жүзінде іске асыру жолдарын анықтауға, материалдардың, технологиялық процестердің және құрал-жабдықтардың, машиналардың, аспаптардың, әр түрлі қондырғылардың жаңа түрлерін жасауға немесе олардың прототиптік түрлерін шығаруға бағытталған жұмыстар кіреді.

10-бағанға жаңа бұйымның техникалық және ағымдағы құжаттардың әзірлемелері, оны дайындау, жөндеу және тәжірибелік үлгілерін алдын-ала сынау , іске қосу сынақтары және құжаттарды дайындаушы кәсіпорындарға беру жұмыстары жатқызылады.

11-бағанда әзірлемелердің тәжірибелік-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік сынақ бойынша жұмыстардың тізбесі кіреді.

12-бағанда құрал-жабдықтар, технологиялар және есептеу техникасы құралдарын сатып алуға қажетті қаржыландыру мөлшері көрсетіледі.

8-бағанның мәні 9, 10, 11, 12-бағандар мәнінің сомасына тең болуы керек.

Кезекті жылдағы барлық тапсырмаларды орындауға кеткен шығындар мөлшері осы жылға бекітілген бағдарламаның қаржыландыру көлеміне тең болуы керек.

13-бағанда кезеңнің, тапсырманың орындалуынан күтілетін нәтижелер көрсетіледі, олар айқын тұжырымдалған, нақтыландырылған және ақпараттар мазмұны тексерілген болуы керек. Мәтінде сөздерді қысқартуға және олардың

аббревиатураларын қолдануға жол берілмейді.

Бағдарламаны орындаудағы жұмыстың кейінгі жылдарында ағымдағы жылға арналған қаржыландыру көлемін бекіткеннен кейін жеті күнтізбелік күнінен кешіктірмей Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына Ф1-сәйкестендірілген нысаны мен мемлекеттік тапсырыстың (келісім-шарттың) көшірмесін немесе ағымдағы жылғы тапсырмаларды (кезеңдерді) орындауға бөлінген бюджеттік қаражат мөлшерін растайтын басқа да құжаттың көшірмесін жіберуі керек.

Бағдарламаны іске асырудың бірінші жылынан кейінгі кезекті жылына Ф1-сәйкестендірілген нысанын толтыру кезінде орындалу кезеңдерімен бірге тек келер жылы жалғасатын тапсырмалардың көрсеткіштері қойылады. Егер де түзетуді енгізу қажет болмаса, онда қаржыландырудан басқа, барлық жалғасатын тапсырмалардың көрсеткіштері өзгертілмеген қалпында қойылады.

Ф1-сәйкестендірілген»"Кеңейтілген бағдарламаның көрсеткіштері" нысанына "Бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны" және "Бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың деректемелері" бөлімдер түрінде қосымша берілген.

"Бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны" бөлімде негізгі ұйымнан бастап, әр ұйым бойынша толықтай бағдарламалық тапсырмаларды, кезеңдерді орындайтын мамандардың сандық және сапалық құрамы ұсынылады. Мамандардың саны бүтін санмен көрсетіледі.

"Бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың деректемелері" бөлімде бағдарламалық тапсырмаларды, кезеңдерді орындайтын ұйымдардың әрқайсысы туралы, оның ішінде жаңа әзірлемелерді енгізу үшін жоспарланған кәсіпорындар туралы мәліметтер енгізіледі:

ұйымның аббревиатурасы мен толық атауы;

кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуіші бойынша кодтары;

ұйымның мекен-жайы;

бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, телефоны, факс нөмірі.

Барлық нысандарға және олардың қосымшаларына бағдарлама жетекшісі қол қояды және мөрмен куәландырылады, құжатты орындаушының тегі, аты, әкесінің аты және телефон нөмірі көрсетіледі.

Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесіне

3-қосымша

**Ф1-сәйкестендірілген нысанының (Кеңейтілген бағдарламаның көрсеткіштері) Т и т у л д ы қ б е т і**

_____________________________________________

(негізгі ұйымның ведомстволық қарастылығы)

"Келісілді" "Бекітілді"

_______________________ _______________________

200__ж."__"________ N __ 200__ж."__"________ N __

Бағдарламаның шифры:

ҒТАМАТ коды:

_____________________________________________

_____________________________________________

(бағдарламаның атауы)

Орындалу мерзімдері:

Негізгі ұйымның атауы және мекен-жайы ______________________

_____________________________________________

Құжаттың дайындалған жылы:

Бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптар мен іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесіне 4-қосымша

Ф1-түзету нысаны және оны толтыру тәртібі

**КЕҢЕЙТІЛГЕН БАҒДАРЛАМАНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

_________________ жылға (жылдарға) арналған

Бағдарламаның шифры ______________ Бағдарламаның атауы _________

_____________________________________________

Бағдарламаны орындауға негіз болған себептер______________________

Бағдарламаны орындау мерзімі _____________________________________

Қаржыландырудың көлемі _________жылға ___________________ млн.теңге

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Атауы (толық және аббревиа-турасы) | ҚҰЖЖ-ы бойынша коды | Мекен-жайы | Телефоны | Факсы, электрон-дық мекен - жайы | Бірін-ші басшы-ның тегі, аты, әкесі-нің аты | Банктік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | рекви-зиттер |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | |

| Тапсырма-ның, кезеңнің шифры | Тапсырма-ның, кезеңнің атауы | ҒТАМАТ бойынша шифры | Тапсыр-маны, жұмыс кезеңде-рін орындау-шы ұйым-ның аббре-виатура-сы | Тапсырма, кезең жетекші-сінің тегі,аты, әкесінің аты,ғылы-ми дәре-жесі, қызметі | Жұмыс орындалуы-ның жоспарланған мерзімі (тоқсан, жыл) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Түйінді сөздер | | | басталуы | аяқталуы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Жоспарланған мерзімге қажетті қаржы мөлшері (мың теңге) | | | | | Күтіле-тін нәтиже-лер | Түзетуге негіздеме |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | Оның ішінде | | | | | |
| | ғылыми-зерттеу-лер жұмыста-рына | тәжіри-белік-конс-трукторлық жұмыста-рына | тәжіри-белік-өндіріс-тік және өнеркә-сіптік сынақ-тарына | құрал-жабтық, техно-логиялар, есептеу техника-сы құралда-рын алу | | |
